

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 427 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 сәуірдегі N 492. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 427 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1. 3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша кеден басқармаларының және "Бақты" кеденінің басшыларын қызметтен босатсын";

2. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "Темір-Жол-Терминал", "Астана" және автожүк кеденін Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша кеден басқармасының бағынысына берсін".

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі